

БЕКІТЕМІН
«Тайтөбе ауылының ЖОББМ»
КММ директоры
Г.С.Алиева 
«09» 09 2026 жыл

СЫНЫП ЖЕТЕКШІСІНІҢ 2026-2027 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЛАУАЗЫМДЫҚ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Лауазымдық міндеттері:

- Өзіне бекітілген сыныпта оқу-тәрбие процесін ұйымдастырады, оқушылар ұжымын қалыптастырады және оның қолайлы психологиялық микроклиматын қамтамасыз етеді.
- "Құндылықтарға негізделген білім беру" тұжырымдамасы және «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» аясында сынып сағаттарын, тәрбиелік іс-шараларды жоспарлайды және сапалы өткізеді.
- «Bilim Class» (Білім класс) электронды журналын жүйелі түрде жүргізеді: сынып оқушыларының сабаққа қатысуын (тәртібін) күнделікті бақылайды, олардың үлгерім динамикасын қадағалайды және платформа арқылы ата-аналармен тұрақты кері байланыс орнатады.
- Білім алушылардың жеке психологиялық-жас ерекшеліктерін, бейімділіктері мен қызығушылықтарын, сондай-ақ отбасылық жағдайын (мектеп психологымен және әлеуметтік педагогпен бірлесе отырып) зерделейді.
- Оқушылардың сабақтан тыс бос уақытын тиімді ұйымдастыруға, оларды үйірмелерге, спорттық секцияларға және қосымша білім беру ұйымдарына тартуға ықпал етеді.
- Ата-аналар жиналыстарын, педагогикалық консилиумдарды ұйымдастырады және өткізеді. Ата-аналарды немесе олардың заңды өкілдерін мектептің қоғамдық өміріне белсенді қатысуға тартады.
- Қауіп тобындағы, девиантты мінез-құлыққа бейім, сондай-ақ ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен жеке профилактикалық және түзету жұмыстарын жүргізеді.
- Балалар мен жасөспірімдер арасында буллингтің, кибербуллингтің, құқық бұзушылықтың және суицидтік мінез-құлықтың алдын алу бойынша жүйелі шаралар қабылдайды.
- Білім алушыларға кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізеді (әсіресе жоғары сыныптарда), олардың мамандық таңдауына психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетеді.
- Мектеп ішінде және мектептен тыс іс-шаралар, экскурсиялар, жорықтар кезінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін толық қамтамасыз етеді, қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқамалар өткізеді.
- Сыныптағы оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуын (әсіресе әлеуметтік осал топтағы балалардың) бақылауда ұстайды.
- Оқушылар арасында академиялық адалдық қағидаларын, экологиялық, құқықтық, патриоттық тәрбиені және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырады.
- Мектеп әкімшілігіне сыныптың оқу-тәрбие жұмысы туралы есептерді (оның ішінде цифрлық форматта) уақтылы тапсырады.

Білуге міндетті:

- Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексін, Қазақстан Республикасының "Білім туралы", "Педагог мәртебесі

туралы", "Бала құқықтары туралы", "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңдарын, БҰҰ-ның «Бала құқықтары туралы» конвенциясын.

- Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын, білім беруді дамытудың бағыттары мен перспективаларын айқындайтын нормативтік құқықтық актілерді.
- Педагогика мен психология негіздерін, жас ерекшелік психологиясын, тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесін, ұжымды басқару заңдылықтарын.
- «Bilim Class» электрондық журналы жүйесімен жұмыс істеу нұсқаулықтары мен ережелерін.
- Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы және өртке қарсы қорғау ережелері мен нормаларын, санитарлық-гигиеналық талаптарды.

Біліктілікке қойылатын талаптар:

- Тиісті бейін бойынша жоғары педагогикалық немесе техникалық және кәсіптік педагогикалық білімнің болуы.
- Сынып жетекшілігі – негізгі лауазымы бойынша (пән мұғалімі, бастауыш сынып мұғалімі және т.б.) міндеттерін атқаратын педагогке бұйрықпен жүктелетін қосымша функция болып табылады.
- Санаттар бойынша талаптар педагогтің негізгі лауазымы бойынша (пән мұғалімі ретінде) анықталады.

Сынып	Сынып жетекшісі	Таңыстым
1 «А»	Ғаюпова Айгерім Маратқызы	
1 «Ә»	Шакир Анар Кадировна	
1 «Б»	Аманбава Ләззат Айсаявна	
2 «А»	Кемелова Айнура Бауыржановна	
2 «Ә»	Беккалиева Мадина Турсынбаевна	
2 «Б»	Дайырбаева Асем Бакытгазықызы	
2 «В»	Бекова Қуаныш Жаназоловна	
3 «А»	Куанышова Гулжайна Бердибековна	
3 «Ә»	Амзина Сарсенкул Жумашевна	
3 «Б»	Жакыбаева Гулназ Нуралыевна	
3 «В»	Бейсенбаева Данагуль Жумагатовна	
4 «А»	Мусабаева Айнаш Дуйсенбаевна	
4 «Ә»	Садвакасова Дана Муратовна	
4 «Б»	Жамбыл Айдана Сұлтанқызы	
5 «А»	Іскендір Айжан Темірбекқызы	
5 «Ә»	Қанат Наргиза Қанатқызы	
5 «Б»	Ким Яна Лаврентьевна	
6 «А»	Инсегенева Ботагоз Гыйсаевна	
6 «Ә»	Әбжаппарова Айханым Әбжамитқызы	
6 «Б»	Молдрахметова Сымбат Аманжолқызы	
7 «А»	Жилкибаева Айгуль Кенесовна	
7 «Ә»	Абдрахманова Гулмайра Тулендиевна	
7 «Б»	Мешел Гүлжайна	
7 «В»	Укан Арай	
8 «А»	Қамасалиқызы Асел	
8 «Ә»	Абдулхамитова Шахназ Асанқызы	
8 «Б»	Анаева Гулжан Намазбаевна	
8 «В»	Каменова Гүлжихан Ерлановна	
9 «А»	Жақсылық Алия Рахымжанқызы	

9 «Ә»	Бальдикова Жанар Батырхановна	<i>Жанар</i>
9 «Б»	Маркеш Аида Ерболқызы	<i>Аида</i>
10 «А»	Сейіткерім Пәкизат Саябекқызы	<i>Пәкизат</i>
10 «Ә»	Жумабаева Айгуль Азаматовна	<i>Айгуль</i>
11 «А»	Омарбекова Алия Ибрагимовна	<i>Алия</i>
11 «Ә»	Искакова Самал Бейсенбаевна	<i>Самал</i>

Ескертпе: Лауазымдық нұсқаулық ҚР Оқу-ағарту министрінің бұйрықтарына және ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығына (соңғы өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып) сәйкес 2026-2027 оқу жылының талаптарына сай жасалды.